

**Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты**

**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ
АНТРОПОНИМДЕРІН ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

I. Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелерінің негізгі қағидаттары

1. Қазақ азаматтары аты-жөндерінің емле ережелері «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 ақпандағы № 637 Жарлығына сәйкес бекітілген әліпби негізінде кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазуды реттеу мақсатында әзірленді.

2. Ереже нормативтік құқықтық акт болып табылады және қазақ азаматтарының аты-жөнін, яғни өз атын, әкесінің атын, тегін әдеби тілдің нормасына сәйкес және «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерінің» басты емлелік ұстанымдары негізінде жазуды реттейді.

3. Қазақ тіліндегі әдеби көркем шығармалар мен ғылыми әдебиеттердегі, оқулықтардағы, топографиялық карталардағы мемлекеттік және меншік нысанына қарамайтын мекемелер мен ұйымдардың құжаттарындағы қазақ есімдері мен Қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің аты-жөндері жаңа әліпби негізінде латын графикасында осы ережелерге сәйкес жазылады.

4. Қазақ тілінде қолданылатын орыс есім-фамилиялары бастапқы тұлғасын толық сақтап, қазақ әліпбиі негізінде жазылады.

5. Қазақ тіліне араб, иран, моңғол тілдерінен енген есімдер қазақ тілінің ішкі заңдылығына игеріліп, қалыптасқан, айтылу нұсқасында жазылады.

6. Батыс Еуропа және басқа шетел азаматтарының аты-жөні қазақ тілді басылым, ақпарат көздерінде, ғылым саласы, әдебиеттерде, басқа да халықаралық басылымдарда, іс қағаздарында мемлекетаралық құжаттардағыдай өзгертілмей, қазақ латын графикасы негізінде орыс тілі арқылы игерілген нұсқада жазылады.

7. Есім-фамилияларды өзгерткенде тек лингвистикалық фактор, яғни жағымсыз семантикасы болған жағдай негізге алынады.

II. Кісі аттарының емлесі

1. Дауысты дыбыс әріптерінің және ұ дыбысы таңбаларының қолданылуы

§1. *Aa (a)* әрпі жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының басқы, ортаңғы, соңғы буындарында жазылады.

Ер есімдері

Ағабек

Адамбай

Айдаралы

Байтанай

Жайлаубай

Жұмабай

Таутай

Әйел есімдері

Er esimderi

Aǵabek

Adambaı

Aıdaraly

Baitanaı

Jailaýbaı

Jumabaı

Taýtaı

Áiel esimderi

Алма	Alma
Айбала	Aıbala
Айсара	Aısara
Айша	Aısha
Жазира	Jazıra
Жәмила	Jámıla
Балжан	Baljan
Гүлжан	Gúljan

Ескертү.

1. Кісі есімдерінің бірінші сыңарларының бас жағында келетін *j, sh* (*ж, ш*) дыбыстарымен *ı* (*у, ұ*) дыбысының ортасында келген *a* (*а*) дыбысы көбінесе жіңішке *á* (*ә*) болып айтылғанымен жуан дауысты **a** әрпі жазылады. Мысалы:

Жайлаубай Jaiıaıbaı (айтылуы *Жәйлаубай Jáııaıbaı*), *Шайкен Shaıken* (айтылуы *Шәйкен Sháıken*), *Жами Jamı* (айтылуы *Жәми Jámi*), *Шайым Shaıym* (айтылуы *Шәйім Sháıım*) *Шайгүл Shaıgúl* (айтылуы *Шәйгүл Sháıgúl*), *Шайзада Shaızada* (айтылуы *Шәйзада Sháızada*).

2. Кісі есімдерінің алғашқы не соңғы буындарындағы жіңішке дауыстылардың әуенімен келесі, не соңғы буында жіңішке айтылатын (естілетін) *á* (*ә*) дыбысының орнына *a* (*а*) әрпі жазылады: *Ләззат Lázzat* (айтылуы *Ләззәт Lázzát*), *Ләйла Láıla* (айтылуы *Ләйлә Láılá*), *Алия Alıa* (айтылуы *Алиә Alıá*), *Ділда Dılda* (айтылуы *Ділдә Dıldá*).

§ 2. *á* (*ә*) әрпі кісі есімдерінің бірінші, екінші буындарында жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Әли	Álı
Бегәли	Begáli
Аманәлі	Amanáli
Әбдіжәмил	Ábdijámıl
Әбжәми	Ábjámı
Әбсамат	Ábsamat
Байдәулет	Baidáýlet
Дәулет	Dáýlet
Дәулетәли	Dáýletalı
Есәлі	Esáli
Әйел есімдері	Áıel esimderi
Айбәтес	Aıbátes
Әбиба	Ábıba
Әлима	Álıma
Бәкиза	Bákıza
Гүләсия	Gúlásıa
Дәмелі	Dámeli
Зәуре	Záýre
Кәмила	Kámıla
Ләзиза	Lázıza

Е с к е р т у. Бірқатар жалаң және күрделі кісі аттарының екінші буынында келетін ә әрпі өзгеріссіз жазылады: *Berdáli (Бердәлі), Dáyítáli (Дәуімәлі), Derbisáli (Дербісәлі), Músálim (Мүсәлім), Mútálip (Мүтәліп), Kúlái (Күләй), Kúlásh (Күләш), Kúlán (Күлән)* т.т.

§3. *e (e)* әрпі жалаң күрделі тұлғалы кісі аттарының барлық буындарында жазылады.

Ер есімдері

Ақеділ
Алмасбек
Егеубай
Егізек
Едіге
Елжан
Жексен
Жиренше
Кемел
Кенен
Медет
Темірболат

Әйел есімдері

Елгүл
Жеңісгүл
Зәуре
Мейрамгүл
Меңжамал
Өнеге
Еркежан
Наркез

Er esimderi

Aqedil
Almasbek
Egeýbai
Egizek
Edige
Eljan
Jeksen
Jirenshe
Kemel
Kenen
Medet
Temirbolat

Áiel esimderi

Elgúl
Jeńisgúl
Záyre
Meiramgúl
Meńjamal
Ónege
Erkejan
Narkez

Е с к е р т у. Кейбір азаматтар бөгде тілдер ықпалымен өз есімдері мен әке аты және тектерін бұрмалап, *Естай* орнына *Ештай*, Иштайов, Ешмұхамбет орнына *Ишмұхамбетов* деп қате жазып жүр. Бұл орфографиялық ережені бұрмалау болып табылады.

§4. *o (o)* дауысты әрпі жалаң және күрделі тұлғалы кісі аттарының басқы, ортаңғы және соңғы буындарында жазылады

Ер есімдері

Айдабол
Абдолла
Байбота
Ноянбай
Омарбек
Оңалбай

Er esimderi

Aıdabol
Abdolla
Baıbota
Noıanbai
Omarbek
Ońalbai

Оңғар	Ońǵar
Қонақбай	Qonaqbaı
Қалдораз	Qaldoraz
Зейнолла	Zeynolla
Бекболат	Bekbolat
Елдос	Eldos
Ербол	Erbol
Есбол	Esbol
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Айымторы	Aıymtory
Орынай	Orynaı
Оразгүл	Orazgúl
Ұлболсын	Ulbolsyn
Толқын	Tolqyn
Тоғжан	Toǵjan
Толғанай	Tolǵanaı
Толқын	Tolqyn
Ақбота	Aqbotá
Ботагөз	Botagóz

§5. *ó* (*ө*) дауысты әрпі жалаң, күрделі кісі есімдерінің көбіне бірінші буынында және біріккен тұлғалы кісі аттарының соңғы сыңарының бірінші буынында да жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Бөдеш	Bódesħ
Бөкей	Bókeı
Бөрібай	Bóribáı
Өмірзақ	Ómirzaq
Өтеміс	Ótemis
Дөнентай	Dónentaı
Жөргембай	Jórgembaı
Көкбай	Kókbaı
Төлеген	Tólegen
Төлтай	Tóltaı
Төкен	Tóken
Байтөре	Baitóre
Байбөрі	Baıbóri
Ақкөбік	Aqkóbik
Естөре	Estóre
Айтөре	Aıtóre
Ақкөшім	Aqkóshim
Айтөлеу	Aıtóleý
Еркөбек	Erkóbek
Әйел есімдері	Áiel esimderi

Өжкен	Ójken
Өзипа	Ózıpa
Өміргүл	Ómirgúl
Өнеге	Ónege
Өрбике	Órbıke
Мөлдір	Móldir
Көркем	Kórkem
Бөртегүл	Bórtegúl
Ақбөпе	Aqbópe
Ақбөбек	Aqbóbek
Ақбөкен	Aqbóken
Ботагөз	Botagóz
Қарагөз	Qaragóz

§6. *l (u) и (y)* дауысты әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі есімдерінің басқы, ортаңғы, соңғы буындарында жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Әлихан	Álıhan
Ақиық	Aqıyq
Әлимансұр	Álımansu
Әби	Ábı
Алданияз	Aldanıaz
Абдолғани	Abdolǵanı
Айдарғали	Aıdarǵalı
Бимолда	Bımolđa
Бимағамбет	Bımaǵambet
Аймұқамбет	Aımuqambet
Айсұлтан	Aısulta
Құлахмет	Qulahmet
Баймұқан	Baımuqan
Жанұзақ	Januzaq
Құдайберген	Qudaıbergen
Бұлқыш	Bulqysh
Ұлықбек	Ulyqbek
Бұлан	Bulan
Бексұлтан	Beksultan
Мақұлбек	Maqulbek
Керімқұл	Kerimqul
Бекқұл	Bekqul
Әлімқұл	Álimqul
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Әмина	Ámına
Ағила	Aǵıla
Бәтима	Bátıma

Бибігүл	Bıbigúl
Бибатпа	Bıbatpa
Жарқынбике	Jarqynbike
Ибагүл	Ibagúl
Индира	Indıra
Ұлпан	Ulpan
Ұлжан	Uljan
Ақұштап	Aqushtap
Құралай	Quralaı
Аққұба	Aqquba
Бұлбұл	Bulbul
Айнұр	Aınur
Нұрипа	Nurıpa
Майнұр	Mainur
Ұлжалғас	Uljalǵas
Жаннұр	Jannur
Жансұлу	Jansulý

§7. *ү (ú)* дауысты әрпі жалаң, күрделі тұлғалы кісі аттарының басқы, ортаңғы, соңғы буындарында жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Үмбет	Úmbet
Үсен	Úsen
Бүркітбай	Búrkitbaı
Жүсіп	Júsip
Дүйсен	Dúisen
Түменбай	Túmenbaı
Жантүгел	Jantúgel
Жансүгір	Jansúgir
Жүсіп	Júsip
Ғабдішүкір	Ǵabdishúkir
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Үміт	Úmit
Үрзия	Úrzıa
Гүлсім	Gúlsim
Ақбүбі	Aqbúbi
Гүлнұр	Gúlnur
Жайнагүл	Jainagúl
Азатгүл	Azatgúl
Зүбайра	Zúbaira
Жұмагүл	Jumagúl
Зейнегүл	Zeinégúl

§8. *і (i)* дауысты әрпі кісі есімдерінің барлық буындарында жазылады.

Ер есімдері

Ізгілік
Ілияс
Ізтай
Ізгілік
Ізтілеу
Әмір
Беркінбай
Әшім
Бердібек
Құдайберді
Әйел есімдері
Жібек
Іңкәр
Ақжүніс
Бүбіхан
Гүлсім
Мерейлі
Керімсал
Інжу
Гүлім
Айгерім
Ақбибі

Er esimderi

Izgilik
Ilias
Iztaı
Izgilik
Iztileý
Ámir
Berkinbaı
Áshim
Berdibek
Qudaiberdi
Áiel esimderi
Jibek
Ińkár
Aqjúnis
Búbihan
Gúlsim
Mereili
Kerimsal
Injú
Gúlim
Aıgerim
Aqbibi

§9. у (*ы*) дауысты әрпі есімдерінің барлық буындарында жазылады.

Ер есімдері

Ырзабек
Ырымбек
Ыбырай
Ырысбек
Ынтықбай
Ғалым
Батырбек
Алшағыр
Тоқтасын
Жұбаныш
Жарқын
Әйел есімдері
Гүлбаршын
Айымша
Ақжарқын
Құндызай
Жадыра
Ырыскүл
Айғыз

Er esimderi

Yrzabek
Yrymbek
Ybyraı
Yrysbek
Yntyqbaı
Ǵalym
Batyrbek
Alshaǵyr
Toqtasyn
Jubanysh
Jarqyn
Áiel esimderi
Gúlbarshyn
Aıymsha
Aqjarqyn
Qundyzaı
Jadyra
Yryskúl
Aıǵyz

Балым	Balym
Тыныс	Tynys
Ырысты	Yrysty
Аққыз	Aqqyz
Айқыз	Aıqyz
Балғыз	Balǵyz

§10. Айтылудағы *у* (*ый*), *и* (*ий*) дыбыс тіркестері кісі есімдерінің барлық буындарында жалаң *ı* (*u*) әрпімен жазылады.

жазылуы	айтылуы	jazylyúy	aitylúy
Имантай	Ймантай	Imantai	Iımantai
Исабай	Йсабай	Isabai	Iısabai
Исаділ	Йсаділ	Isadil	Iısadil
Дықанбай	Дыйқанбай	Dıqanbai	Dyıqanbai
Зағила	Зағыйла	Zaǵıla	Zaǵyıla
Ағила	Ағыйла	Aǵıla	Aǵyıla
Бибайша	Бійбайша	Bıbaısha	Biıbaısha

2. Дауыссыз дыбыс әріптерінің кісі аттарында жазылуы.

§11. *Б* (*b*), *г* (*g*), *ғ* (*ǵ*), *д* (*d*) әріптері орфографиялық ережеде көрсеткендей, сөздің, сол сияқты кісі есімдерінің бас, орта, және соңғы буындарында жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Бабанияз	Babanıaz
Бабаш	Babash
Бағызбай	Baǵyzbai
Бадыр	Badyr
Бегалы	Begaly
Бадыр	Badyr
Ағабек	Aǵabek
Байдәулет	Baidáylet
Жалғасбек	Jalǵasbek
Дидар	Dıdar
Ғабиден	Ǵabıden
Айдарбек	Belgıbai
Белгібай	Aıdarbek
Бағыбек	Baǵybek
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Бағдат	Baǵdat
Бағила	Baǵıla
Ағайша	Aǵaısha
Дариға	Darıǵa
Балгүл	Balgúl

Ғалия	Ǵalına
Гүлдана	Gúldana
Назгүл	Nazgúl
Балғаным	Balǵanym
Балдай	Baldaı
Гүлбағила	Gúlbaǵıla
Ділдагүл	Dildagúl

§ 12. Ж (*j*), з (*z*), к (*k*), қ (*q*), л (*l*), м (*m*), н (*n*), ң (*ń*), п (*p*), р (*r*), с (*s*), т (*t*), ф (*f*), х (*h*), ш (*sh*), ч (*ch*) әріптері де кісі есімдерінің басқы, ортаңғы, соңғы буындарында жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Жалмұқан	Jalmuqan
Жүсіпбек	Júsipbek
Жабай	Jabaı
Жадай	Jadaı
Заит	Zait
Заман	Zaman
Кәкім	Kákim
Кенен	Kenen
Қалқа	Qalqa
Қали	Qalı
Лекер	Leker
Латиф	Latif
Мағзум	Maǵzým
Майдан	Maidan
Назар	Nazar
Нүркен	Nurken
Оңалбек	Ońalbek
Расул	Rasýl
Рабат	Rabat
Рамазан	Ramazan
Сатай	Sataı
Санат	Sanat
Тазабек	Tazabek
Тайлақ	Tailaq
Фазыл	Fazyl
Файзолла	Faızolla
Шалқар	Shalqar
Шернияз	Shernıaz
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Жазира	Jazıra
Жайна	Jaina
Замира	Zamıra

Зағира	Zaǵıra
Камшат	Kamshat
Қазила	Qazıla
Қаламқас	Qalamqas
Лашын	Lashyn
Мағира	Maǵıra
Назерке	Nazerke
Райгүл	Raıǵúl
Рауза	Raýza
Перизат	Perizat
Разия	Razıa
Сағира	Saǵıra
Айзере	Aızere
Самал	Samal
Сара	Sara
Таңсық	Tańsyq
Тәжігүл	Tájigúl
Таңшолпан	Tańsholpan
Тұмарша	Tumarsha
Феруза	Ferýza
Фариза	Farıza
Фаузия	Faýzia
Ханбибі	Hanbıbi
Хабиба	Habıba
Хадиша	Hadısha

Ескерту. l (л), r (р) дыбыстарынан басталатын, одан кейін a (а), á (ә), ú (у), u (ұ), I (и) келетін кісі есімдерінің басқы l (л), r (р) дауыссыздарының алдынан у (ы), i (і) әріптері жазылмайды.

Ер есімдері	Er esimderi
Лұқпан	Luqpan
Лекер	Leker
Лесбек	Lesbek
Лешкер	Leshker
Лепес	Lepes
Рүстем	Rýstem
Ришат	Rıshat
Рай	Raı
Райбай	Raıbaı
Рақым	Raqym
Рауан	Raýan
Рахмет	Rahmet
Риза	Rıza
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Лағыл	Laǵyl

Лашын	Lashyn
Ләззат	Lázzat
Ләзиза	Lázıza
Ләйла	Láıla
Ләйлі	Láli
Ләтифа	Látıfa
Луиза	Lýıza
Рабиға	Rabıǵa
Разила	Razıla
Райхан	Raihan
Рауза	Raýza
Раушан	Raýshan
Рахима	Rahıma
Рәш	Rásh
Руза	Rýza
Руфия	Rýfia
Рухия	Rýhia

§13. *f (ф), h (х), ch (ч)* әріптері орыс және араб, парсы тілдерінен енген кісі есімдерінде жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Фазыл	Fazyl
Файзолла	Faızolla
Фатхолла	Fatholla
Фархат	Farhat
Фатиолла	Fatiolla
Хабиб	Habıb
Хакім	Hakim
Хақназар	Haqnazar
Халел	Halel
Хасан	Hasan
Хатиф	Hatıf
Хафиз	Hafız
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Фазила	Fazıla
Фазия	Fazıa
Фарида	Farıda
Феруза	Ferýza
Фариза	Farıza
Фаузия	Faýzia
Фатима	Fatıma
Хабиба	Habıba
Хадиша	Hadısha
Халида	Halıda
Хатима	Hatıma

Хатиша
Хайша

Hatıpa
Haısha

§14. *h* (*x*) әрпі жазылуы орныққан кісі есімдерінде сақталып жазылады.

Қаһарман
Қаһар
Гаухар
Гаухария
Жаухар
Гүлбахар
Гүлжаухар

Qaharman
Qahar
Gaýhar
Gaýharia
Jaýhar
Gúlbahar
Gúljaýhar

III. Біріккен тұлғалы кісі аттарының жазылуы

§15. *a, o, e, y* дауыстыларын білдіретін әріптер негізінен біріккен тұлғалы кісі аттарының екінші сыңарларының басқы буындарында жазылады.

Ер есімдері

Әбдікәрім
Есенәлі
Қалиәкпар
Дәулетәлі
Жанәбіл
Құрманәлі
Абайдолла
Аққошқар
Аққуан
Жаншуақ
Ердәулет
Байдәулет
Ғұбайдолла
Қабидолла
Айтөре
Ақкөбік
Ақбөкен
Мақбөпе

Er esimderi

Ábdikárim
Esenáli
Qalıáqpar
Dáýletáli
Janábil
Qurmanáli
Abaidolla
Aqqoshqar
Aqqýan
Janshýaq
Erdáýlet
Baidáýlet
Ġubaidolla
Qabidolla
Aıtóre
Aqkóbik
Aqbóken
Maqbópe

§16. Біріккен тұлғалы кісі аттарындағы *[iü]* түрінде бір-бірімен кірігіп кеткен тел дыбыстар (қосар дыбыстар) дәстүрлі норма бойынша *u* әрпімен орфографияланады.

Ер есімдері

Иемберген (Ийемберген емес)
Иқанбай (Ийқанбай емес)
Иманқұл (Ийманқұл емес)

Er esimderi

Iembergen (Iembergen emes)
Iqanbai (Iqanbai emes)
Imanqul (Imanqul emes)

Исабек (Йсабек емес)	Isabek (Iısabek emes)
Исағали (Йсағали емес)	Isaǵalı (Iısaǵalı emes)
Игісін (Йігісін емес)	Igisin (Iıgisin emes)
Иманбай (Йманбай емес)	Imanbaı (Iımanbaı emes)
Әлиасқар (Әліясқар емес)	Áliasqar (Álıiasqar emes)
Жиренше (Жійренше емес)	Jirenshe (Jıirenshe emes)

§17. Орыс тілі орфографиясы бойынша жазылып, [ua] дыбыстарының тіркесін білдіретін *я* әрпі латын негізді әліпбиде сөздің барлық позициясында, оның ішінде кісі аттарының жалаң және біріккен тұлғалы түрлерінде де *ia* түрінде жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Қоянбай	Qoıanbaı
Ноянбай	Noıanbaı
Шаяхмет	Shaiahmet
Баяділ	Baiadil
Баязит	Baiazit
Аязбек	Aıazbek
Аяпберген	Aıapbergen
Баяхмет	Baiahmet

§18. Сөз ортасында және соңында *зияткер, қиямет, алдияр* сияқты сөздерде *и* (*i*) соңынан *я* (*ia*) жазылғанда екі (*i*) қатар келеді. Сондықтан бір *и* (*i*) түсіріліп жазылуы тиіс деген ережені жалаң және біріккен тұлғалы кісі аттарының емлесінде де қолданамыз.

Ер есімдері	Er esimderi
Ахмедияр	Ahmediar
Аспандияр	Aspandiar
Қиясбек	Qıasbek

§19. Қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздерден жасалған кісі аттары қатарынан екі дауыссыз дыбыстан басталмайды, сондықтан екі дауыссыз дыбыс *ы, і* әріптері арқылы ажыратылып жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Ысқақбай (Сқақбай емес)	Ysqaqbaı (Sqaqbaı emes)
Ырзабай (Рзабай емес)	Yrzabaı (Rzabaı emes)
Ырысалды (Рсалды емес) немесе	Yrysaldy (Rsaldy emes) nemese
Рысалды	Rysaldy
Ырымбек (Рмбек емес)	Yrymbek (Rmbek emes)
Ыбырайым (Ыбрайым емес)	Ybyraıym (Ybraıym emes)
Іргенбай (Ргенбай емес)	Irgenbaı (Rgenbaı emes)
Сымахан (Смахан емес)	Symahan (Smahan emes)

§20. Екі не үш сөзден бірігіп жасалған, яғни көпқұрамды кісі аттары, негізінен, түбірі сақталып, бірге жазылады.

Ер есімдері

Әбдіманап
 Жақыпбек
 Жанбота
 Өтепберген
 Мергенбай
 Иманқұлбек
 Қаржаубай
 Ырысқұлбек
 Құлмұхамбет
 Иранғайып

Әйел есімдері

Айбарша
 Айкүміс
 Айымторы
 Бәдігүлжамал
 Гүлжәмила
 Ғалиябану
 Ақмарал
 Жұмабике
 Меңдігүл
 Нұрсұлу

Er esimderi

Ábdimanap
 Jaqypbek
 Janbota
 Ótepbergen
 Mergenbai
 Imanqulbek
 Qarjaybai
 Yrysqulbek
 Qulmuhambet
 Iranǵayıp

Áiel esimderi

Aıbarsha
 Aıkúmis
 Aıymtory
 Bádigúljamal
 Gúlǵamıla
 Ǵalıabanı
 Aqmaral
 Jumabıke
 Meńdigúl
 Nursulı

§21. *Бек, хан, мырза, құл, зада, әлі (әли, ғали), қали, гул, бала, бек, бай, бану, қожса, бике, айым, ділда, ханым, жан сияқты сөздермен жазылған есімдердің сыңарлары да әрдайым бірге таңбаланады.*

Ер есімдері

Бекмұхамбет
 Мырзалы
 Құлахмет
 Бексұлтан
 Сапархан
 Әлибек
 Бейсенғали
 Әлинұр
 Нұрәлі
 Шерхан
 Мырзаберген
 Қуанышқали
 Асылжан
 Нұрділда

Әйел есімдері

Айзада
 Гүлзада
 Үрзада

Er esimderi

Bekmuhambet
 Myrzaly
 Qulahmet
 Beksultan
 Saparhan
 Álibek
 Beisengalı
 Álinur
 Nuráli
 Sherhan
 Myrzabergen
 Qıanyshqalı
 Asyljan
 Nurdilda

Áiel esimderi

Aızada
 Gúlzada
 Úrzada

Бекзада	Bekzada
Ақбала	Aqbala
Айгүл	Aıgúl
Нұрбике	Nurbıke
Шәрбану	Shárbaný
Нұрайым	Nurayım

§22. Алдыңғы түбір дауысты дыбыстар мен ұяң, үнді дауыссыздарға аяқталғанда, келесі түбірдің басқы *к, қ, (к, қ)* дыбыстары айтылу заңдылықтарына сәйкес ұяңданып, *ғ, ғ* (*g, g'*) әріптерімен жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Амангелді	Amangeldi
Ерғожа	Ergója
Жанғозы	Jangozy
Жангелді	Jangeldi
Телғожа	Telgoja
Жұмағұл	Jumaǵul
Малғара	Malǵara
Нүргелді	Nurgeldi
Нұрғиса	Nurǵısa
Нұрғожа	Nurgoja
Сарғожа	Sargoja
Төрегелді	Tóregeldi
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Айғыз	Aıǵyz
Айғаным	Aıǵanym
Аягөз	Aıagóz
Әйгерім	Áigerim
Ботагөз	Botagóz
Есенгүл	Esengúl
Қарагөз	Qaragóz
Нұрғыз	Nurǵyz

Е с к е р т у. Бірнеше сөзден жасалған кісі есімдерінің екінші түбірі қатаң түрде айтылса, онда қатаң *қ, к* (*q, k*) әріптері жазылады.

Ер есімдері	Er esimderi
Әбілқайыр	Ábilqayır
Әбдіқадыр	Ábdıqadyr
Әбілқасым	Ábilqasym
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Бибікамал	Bıbıkamal
Қаламқас	Qalamqas
Шәмшіқамар	Shámshiqamar

Ескерту. Кей есімдерде *гүл* сөзі естілуінше *күл* түрінде де жазыла береді.

Әйел есімдері

Аманкүл
Бейсенкүл
Күлдария
Күлжамал
Күлзипа
Күлтай
Күлшара
Сәрсенкүл

Áiel esimderi

Amankúl
Beisenkúl
Kúldarıa
Kúljamal
Kúlzıpa
Kúltaı
Kúlshara
Sársenkúl

§23. Екінші сыңары *қ, к (q, k)* дыбыстарынан басталатын кейбір кісі аттары екі түбірдің үндесу ыңғайына қарай да жазылады: алдыңғы түбір қатаң дыбысқа айналса, келесі сөз де қатаң *қ, к (q, k)* әріптерімен жазылады.

Ер есімдері

Айткелді
Айтқожа
Бақкелді
Бекқайыр
Беккүл
Досқара
Күсепқали
Қоскелді
Сейіткүл

Er esimderi

Aıtkeldi
Aıtqoja
Baқkeldi
Bekqayır
Bekqul
Dosqara
Kúsepqalı
Qoskeldi
Seıitqul

Әйел есімдері

Аққыз
Ақкүміс
Аққағаз
Аққал

Áiel esimderi

Aqqyz
Aqkúmis
Aqqaǵaz
Aqqal

§24. Біріккен тұлғалы кісі есімдері сыңарларының соңғы әрпі *з (z)* болып, екінші сыңары *ж (j)* әрпінен болса, *з* айтылуда өзгеріп, *ж (j)* дыбысына айналады. Бірақ жазуда кісі есімдерінің түбірі сақталады.

Ер есімдері

Бозжан (Божжан емес)
Бозжігіт (Божжігіт емес)
Оразжан (Оражжан емес)
Назжан (Нажжан емес)

Er esimderi

Bozjan (Bojjan emes)
Bozjigit (Bojjigit emes)
Orazjan (Orajjan emes)
Nazjan (Najjan emes)

§25. Біріккен тұлғалы кісі есімдерінде түйіскен екі дауысты дыбыс қатар келсе, алғашқысы түсіріліп жазылады.

Ер есімдері

Жұмаділ (Жұмаәділ емес)

Er esimderi

Jumadil (Jumaádil emes)

Қожахмет (Қожаахмет емес)
Молдахмет (Молдаахмет емес)
Бердоңғар (Бердіоңғар емес)
Торайғыров (Торыайғыров емес)
Серәлі (Серіәлі емес)
Бердәлі (Бердіәлі емес)
Әйел есімдері
Айшайым (Айшаайым емес)
Бибажар (Бибиажар емес)
Бибайша (Бибиайша емес)

Qojahmet (Qojaahmet emes)
Moldahmet (Moldaahmet emes)
Berdońǵar (Berdiońǵar emes)
Toraiǵyrov (Toryaiǵyrov emes)
Seráli (Seriáli emes)
Berdáli (Berdiáli emes)
Áiel esimderi
Aıshayım (Aıshaayım emes)
Bıbajar (Bıbiajar emes)
Bıbaısha (Bıbiaısha emes)

§26. *h (x)* әрпі жалаң және туынды тұлғалы кісі аттарында қолданыла береді.

Ер есімдері

Асылхан
Беделхан
Тұрсынхан

Әйел есімдері

Айхан
Сұлухан
Гүлжихан
Гүлдархан
Қыздархан

Er esimderi

Asylhan
Bedelhan
Tursynhan

Áiel esimderi

Aıhan
Sulýhan
Gúljihan
Gúldarhan
Qyzdarhan

§27. Шығыс, араб, парсы тілдерінен енген бірқатар кісі есімдері тіліміздің ішкі заңдылығына сәйкес бірнеше нұсқада жазылады.

Ер есімдері

Абдрахман
Абдірахман
Әбдірахман
Әбдіқадір
Әбдіқадыр
Әбдірақ
Абдырақ
Асанғали
Асанәли
Асанәлі
Айтмұхамбет
Айтмахамбет
Нұрмұхамбет
Нұрмағамбет
Нұрмұқанбет
Әбілғазы
Әділғазы

Er esimderi

Abdrahman
Abdirahman
Ábdirahman
Ábdıqadi
Ábdıqadyr
Ábdıraq
Abdyraq
Asanǵalı
Asanáli
Asanáli
Aıtmuhambet
Aıtmahambet
Nurmuhambet
Nurmaǵambet
Nurmuqanbet
Ábilǵazy
Ádilǵazy

Омарғали	Omarǵalı
Мұхамбет	Muhambet
Мұхаметқали	Muhametqalı
Махамбет	Mahambet
Мақанбет	Maqanbet
Мәмбетәлі	Mámbetálı
Нұрғазы	Nurǵazy
Әйел есімдері	Áiel esimderi
Гүлбаршын	Gúlbarshyn
Гүлбараш	Gúlbarash
Гүлжәмила	Gúljamıla
Күлжәмила	Kúljamıla
Секерхан	Sekerhan
Шекерхан	Shekerhan

Е с к е р т у. Араб тілінен енген *ал* артиклі бар есімдер қалауы бойынша бірге, бөлек, дефис арқылы жазылады: *Әлбейбарыс (Álbeibarys), Әл Бейбарыс (Ál Beibarys), Әл-Бейбарыс (Ál-Beibarys).*

§28. Екі түбірден құралған бірқатар кісі аттары түбір тұлғалары өзгеріп, біріккен түрде жазылады.

Әйел есімдері	Áiel esimderi
Дәметкен (Дәме еткен емес)	Dámetken (Dáme etken emes)
Ұлмекен (Ұлма екен емес)	Ulmeken (Ulma eken emes)
Ұлболсын (Ұл болсын емес)	Ulbolsyn (Ul bolsyn emes)
Ер есімдері	Er esimderi
Өмірзақ (Өмірі ұзақ емес)	Ómirzaq (Ómiri uzaq emes)
Жүмекен (Жұма екен емес)	Jumeken (Juma eken emes)

§29. Біріккен тұлғалы кісі аттарының бірінші сыңар соңындағы *н (n)* дыбысы *б, п (b, p)* дыбыстарының алдына келсе, айтылуда *м (m)* дыбысына айналады. Жазуда бұл ескерілмей, сөздің түбір қалпы сақталады.

Ер есімдері	Er esimderi
Құрманбек (Құрмамбек емес)	Qurmanbek (Qurmambek emes)
Жанпейіс (Жампейіс емес)	Janpeiis (Jampeis emes)
Дәуренбек (Дәурембек емес)	Dáýrenbek (Dáýrembek emes)
Күнпейіс (Күмпейіс емес)	Kúnpeiis (Kúmppeiis emes)
Доспанбет (Доспамбет емес)	Dospanbet (Dospambet emes)
Атанбай (Атамбай емес)	Atanbai (Atambai emes)
Арғынбек (Арғымбек емес)	Argynbek (Argymbek emes)

§30. Біріккен тұлғалы кісі есімдерінің бірінші сыңарының соңындағы *н (n)* дыбысы *з, ж, қ (g, g', q)* әріптерінің алдынан келсе, айтылуда *ң (ń)* әрпіне айналады. Бірақ жазуда сөздің түбірі сақталады.

Боранғали (Бораңғали емес)	Boranǵalı (Borańǵalı emes)
Ғұсманғали (Ғұсмаңғали емес)	Ǵusmanǵalı (Ǵusmańǵalı emes)
Жаңғали (Жаңғали емес)	Janǵalı (Jańǵalı emes)

Жангелді (Жаңгелді емес)	Jangeldi (Jańgeldi emes)
Есенғұл (Есеңғұл емес)	Eseńgul (Eseńgul emes)
Құрманғали (Құрманғали емес)	Qurmanǵalı (Qurmanǵalı emes)
Амангелді (Амаңгелді емес)	Amangeldi (Amańgeldi emes)
Жанғара (Жаңғара емес)	Janǵara (Jańǵara emes)
Барманқұл (Бармаңқұл емес)	Barmanqul (Barmańqul emes)
Иманқұл (Имаңқұл емес)	Imanqul (Imańqul emes)
Аманқұл (Амаңқұл емес)	Amanqul (Amańqul emes)

IV Бас әріптің емлесі

§31. А) Кісінің аты, әкесінің аты, тегі бас әріппен жазылады.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов	Shoqan Shyńǵys Ýalıhanov
Мұхтар Омарханұлы Әуезов	Muhtar Omarhanuly Áýezov
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев	Nursultan Ábishuly Nazarbaev
Сара Сәтбайқызы Есова	Sara Sátbaiqyzy Esova

ә) Кісінің аты, әке аты қосымшасыз бас әріппен жазылады.

Сымбат Байназар	Symbat Bainazar
Қадыржан Көлбай	Qadyrjan Kólbai
Берік Жұмәділ	Berik Jumádil
Мереке Асан	Mereke Asan

б) Әке атына ұлы, қызы сөздері қосылып, бас әріппен жазылады.

Бауыржан Момышұлы	Baýyrǵan Momyshuly
Ахмет Байтұрсынұлы	Ahmet Baitursynuly
Қарлығаш Әсетқызы	Qarlyǵash Ásetqyzy
Алтынай Берікқызы	Altynai Berikqyzy

§32. Лақапаттар бас әріппен жазылады.

А) Титул, атақ, лауазымды білдіретін сөздер ұлттық-мәдени қоғамдастық үшін символ ретінде кең танымал (прецедентті) кісі есімдерінің алдында қолданылса бас әріппен жазылады.

Ақсақ Темір	Aqsaq Temir
Батыр Мәлік	Batyr Málik
Ер Көкше	Er Kókshe
Ер Төлеген	Er Tólegen
Үкілі Ыбырай	Úkili Ybyrai
Балуан Шолақ	Balýan Sholaq
Алдар Көсе	Aldar Kóse
Жаяу Мұса	Jaiay Musa
Ер Қосай	Er Qosai
Ер Тарғын	Er Tarǵyn
Ер Төстік	Er Tóstik
Жылан Бапыхан	Jylan Bapyhan

Қаздауысты Қазыбек би	Qazdaýysty Qazybek bi
Қозы Көрпеш	Qozy Kórpesh
Қыз Жібек	Qyz Jibek
Қарақыпшақ Қобыланды	Qaraqypshaq Qobylandy
Сұлтан Бейбарыс	Sultan Beibarys
Бабатүкті Шашты Әзіз	Babatúkti Shashty Áziz
Қаракөз Айша	Qarakóz Aisha

ә) Адамның мінез-құлқын, кескін-келбетін білдіретін тұрақты эпитеттер бас әріппен жазылады.

Шықбермес Шығайбай	Shyqbermes Shyǵaibai
Айранкөз Абыл	Aırankóz Abyl
Судыр Ахмет	Sýdyr Ahmet
Бұжыр Мақан	Bujyr Maqan
Жыланкөз Ыбырай	Jylankóz Ybyrai
Жылтырбет Төребай	Jyltyrbet Tórebai
Қасқабас Сәлім	Qasqabas Sálim
Шегір Асаубай	Shegir Asaýbai
Кішкене Молда (М.Әуезовтан)	Kishkene Molda (M.Áyezovtan)
Тентек Ояз (бұл да сонда)	Tentek Oıaz (bul da sonda)

Ескерту. Мұның бәрі тұрақты эпитеттер. Бұларды жалпылама айқындауыш анықтауыштармен шатастыруға болмайды. Айқындауыштар да бөлек, бірақ кіші әріппен жазылады:

ақын Абай	aqyn Abai
әнші Күләш	ánshi Kúlásh
Асан мұғалім	Asan muǵalim
мұғалім Асан	muǵalim Asan
ғалым Шоқан	ǵalym Shoqan
Ыбырай педагог	Ybyrai pedagog
агроном Мақсат	agronom Maqsat
етікші Оспан	etikshi Ospan
Оспан етікші	Ospan etikshi

б) Ақын, би, жырау, сал, сері, хазірет, патша, датқа, ата, апа, баба, бегім, батыр, сұлу, шешен, қажы, ханым, би, сұлтан, мырза сөздері ұлттық-мәдени қоғамдастыққа кең танымал кісі аттарының соңынан келсе, кіші әріппен жазылады.

Дулат ақын	Dýlat aqyn
Шал ақын	Shal aqyn
Атымтай жомарт	Atymtai jomart
Мөңке би	Mónke bi
Бұқар жырау	Buqar jyraý
Жиёмбет жырау	Jiembet jyraý

Доспамбет жырау	Dospambet jyraý
Шалкиіз жырау	Shalkiiz jyraý
Біржан сал	Birjan sal
Науан хазірет	Naýan haziret
Сүлеймен патша	Súleimen patsha
Ақан сері	Aqan seri
Байзақ датқа	Baızaq datqa
Қорқыт ата	Qorqyt ata
Шақпақ баба	Shaqpaq baba
Кете ана	Kete ana
Найман ана	Naıman ana
Домалақ ана	Domalaq ana
Арыстан баб	Arystan bab
Қобыланды батыр	Qobylandy batyr
Жалаңтөс батыр	Jalańtós batyr
Алпамыс батыр	Alpamys batyr
Оспан халиф	Ospan halıf
Абылай хан	Abylai han
Шыңғыс хан	Shyńǵys han
Аяз би	Aıaz bı
Жиренше шешен	Jirenshe sheshen
Баян сұлу	Baian sulý
Айбарша сұлу	Aıbarsha sulý
Айшекер ханым	Aısheker hanym
Рабиа бегім	Rabia begim
Баба Омар әулие	Baba Omar áylie
Байсерке абыз	Baıserke aby
Құнанбай қажы	Qunanbai qajy

в) Аңыз, миф, әпсана кейіпкерлерінің, төрт түлік пірлері аттары бас әріппен және бірге жазылады.

Асанқайғы	Asanqaiǵy
Желаяқ	Jelaiaq
Бейбіфатима	Beıbifatıma
Төбекөздәу	Tóbekózdáú
Қамбарата	Qambarata
Ойсылқара	Oısyılqara
Шекшеката	Shekshekata
Шопаната	Shopanata
Зеңгібаба	Zeńgibaba

д) Адамның кескін-келбетін білдіретін жалаң және біріккен тұлғалы, не екі сөзден бірігіп жасалған лақап аттар бас әріппен жазылады.

Таскемпір	Taskempir
-----------	-----------

Шибұт	Shıbut
Шойынқұлақ	Shoıynqulaq
Таусоғар	Taýsoǵar
Көлжұтар	Kóljutar
Күлмесхан	Kúlmeshan
Қаңбақшал	Qañbaqshal
Қожанасыр	Qojanasyr
Месқара	Mesqara
Бүкір	Búkir
Бізбике	Bizbike
Қисық	Qısyq
Байсеміз	Baiseviz
Сойдақтіс	Soidaqtis
Қасқыркөз	Qasqyrkóz
Телқара	Telqara
Шоңқара	Shońqara
Қарабала	Qarabala
Қасқұлақ	Qasqulaq

г) Әр алуан мифологиялық «иелердің», «күдайдың», «әулиелердің» аттары бас әріппен жазылады.

Алла	Alla
Алла тағала	Alla taǵala
Құдай	Qudai
Хақ тағала	Haq taǵala
Хауа ана	Haýana
Адамата	Adamata
Укаша ата	Ýkasha ata
Балықшы ата	Balyqshy ata
Дәуіт пайғамбар	Dáýit paıǵambar
Иса пайғамбар	Isa paıǵambar
Мұса пайғамбар	Musa paıǵambar
Мұхамед пайғамбар	Muhamed paıǵambar
Нұх пайғамбар	Nuh paıǵambar

д) Бүркеншік аттар бас әріппен жазылады.

М. Әуезовтің бүркеншік аттары	M. Áýezovtiń búrkenshik attary
1. Жаяусал	1. Jaiáysal
2. Қоңыр	2. Qońyr
3. Арғын	3. Arǵyn
4. Айғақ	4. Aıǵaq
5. Арқа	5. Arqa
Ә. Бөкейхановтың бүркеншік аттары	Á. Bókeihanovtyń búrkenshik attary

1. Қыр баласы		1. Qyr balasy
2. Арысұлы		2. Arysuly
3. Қалмақбай		3. Qalmaqbai
Б. Майлиннің бүркеншік аттары		B. Mailinniń búrkenshik attary
1. Қарабала		1. Qarabala
2. Кедей		2. Kedeı
3. Қойшы		3. Qoıshy
4. Шаңқан		4. Shańqan
5. Бұйрас		5. Buiras
6. Быж		6. Byj
7. Малақай		7. Malaqai
I. Жансүгіровтің аттары	бүркеншік	I. Jansúgirovtiń búrkenshik attary
1. Матай		1. Mataı
2. Мерген		2. Mergen
3. Қаптағай		3. Qaptaǵai
4. Қордай		4. Qordai
5. Таңқыбай		5. Tańqybai
6. Бөкейше		6. Bókeıshe
7. Тілші		7. Tilshi
8. Сақа		8. Saqa
9. Ақжол		9. Aqjol
С. Сейфуллиннің бүркеншік аттары		S. Seıfýlinniń búrkenshik attary
1. Дүйсенбі		1. Dúısenbi
2. Жұмақан		2. Jumaqan
3. Шамиль		3. Shamıl
4. Манап		4. Manap

§33. Өзге тілге тән тарихи тұлға есімдерінде, адамның аты-жөнінде артикль, сондай-ақ, ататекті айқындайтын сөзалды, сөз ортасы нақтылауышы бар есімдердің емлесі халықаралық стандартқа сәйкес бас әріппен төмендегідей беріледі.

Әбунасыр әл-Фараби	Ábýnasyr ál-Farabı
Вильгелм фон Гумбольдт	Vilgelm fon Gýmboldt
Леонардо да Винчи	Leonardo da Vinchi
Жанна д`Арк	Janna d`Ark
Фон дер Гольц	Fon der Golts
Людвиг ван Бетховен	Lıýdvıg van Bethoven

Е с к е р т у. Сөзалды артиклі бар өзге тілге тән кісі есімдерінен сөйлем басталған жағдайда артиклдің бастапқы әрпі бас әріппен жазылады: *Әл-Фарабидің мұрасы барлық түркі халықтарына ортақ / Ál-Farabıdiiń murasy barlyq túrki halyqtaryna ortaқ.*

V. Шет тілдерден енген кісі есімдерінің жазылуы

§34. Орыс тілі және Қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің аты-жөндері есімдері бас әріппен қазақ латын графикасының негізінде таңбаланады.

Адамчук Артем Юрьевич	Adamchýk Artóm Iýrevich
Бодяга Светлана Сергеевна	Bodiaga Svetlana Sergeevna
Ващенко Дарья Андреевна	Vashenko Daria Andreevna
Крючкова Бэлла Максимовна	Kriýchkova Bella Maksimovna
Гуторов Дмитрий Эдуардович	Gýtorov Dmitri Edýardovich
Гуцолов Александр Сергеевич	Gýtsolov Aleksandr Sergeevich
Зайцев Николай Николаевич	Zaitsev Nikolai Nikolaevich
Локотченко Ксения Андреевна	Lokochenko Ksenia Andreevna
Ткаченко Юлия Сергеевна	Tkachenko Iýlia Sergeevna
Чигинцева Надежда Александровна	Chigintseva Nadejda Aleksandrovna
Цой Виктор Юрьевич	Tsoi Viktor Iýrevich
Юрина Екатерина Дмитриевна	Iýrina Ekaterina Dmitrievna
Яковлева Дарья Тимофеевна	Iakovleva Daria Timofeevna
Сомов Артём Александрович	Somov Artóm Aleksandrovich
Соловьёв Георгий Валерьевич	Soloviov Georgi Valerevich
Никольская Ольга Александровна	Nikolskaia Olga Aleksandrovna
Горчинский Михаил Сергеевич	Gorchinski Mihail Sergeevich
Охоцкая Виктория Дмитриевна	Ohotskaia Viktoria Dmitrievna
Щербакова Мария Алексеевна	Sherbakova Mariia Alekseevna
Плюшкина Анастасия Юрьевна	Plýshkina Anastasia Iýrevna
Илахунов Дильшат Шавкетович	Iahýnov Dilshat Shavketovich
Ходжамбердыев Нурмурат Алиевич	Hodjamberdyev Nýrmýrat Alievich
Пак Юлия Романовна	Pak Iýlia Romanovna
Цхай Вадим Алексеевич	Tshai Vadim Alekseevich
Худайназаров Ильхам Магометович	Hýdainazarov Ilham Magometovich
Мюллер Фридрих Альбертович	Miýller Fridrih Albertovich
Майер Зинаида Вольфовна	Maier Zinaida Volfovna
Шнайдер Андрей Генрихович	Shnaider Andrei Genrihovich
Ушурова Халидам Жамбакиевна	Ýshýrova Halidam Jambakiyevna
Шульц Борис Юрьевич	Shýlts Boris Iýrevich
Хофманн Вильгелм Оттович	Hofmann Vilgelm Ottovich
Шмидт Нелли Эрнестовна	Shmidt Nelli Ernestovna

Ескерту. Ц әрпі бар кірме аты-жөндер *ts* әріптерімен таңбаланады.

§34. Еуропа және басқа шет тілдерінен енген әлем мәдениетінде, әдебиетінде, өнерінде, ғылымында және халықаралық саясатта есімдері танымал тұлғалардың аты-жөндері жазуы қазақ тілінде қалыптасқан күйде жаңа латын графикасында жазылады.

Джон Голсуорси
Маргарет Митчелл

Djon Golsýorsı
Margaret Mitchell

Эмиль Золя	Emil Zolıa
Александр Дюма	Aleksandr Dıýma
Абэ Кобо	Abe Kobo
Джевахарлал Неру	Djevaharlal Nerý
Махатма Ганди	Mahatma Gandı
Виктор Гюго	Vıktor Gıýgo
Шавкат Мирзиёев	Shavkat Mirziıoev
Сабах әл-Ахмад ас-Сабах	Sabah әl-Ahmad as-Sabah
Ши Шин Пин	Shı Shıń Pın
Энрике Пенья Ньето	Enrike Penıa Neto
Леонардо ди Каприо	Leonardo dı Kaprıo
Николас Кейдж	Nıkolas Keıdj
Джордж Клуни	Djordj Klýnı
Адриано Челентано	Adrıano Chelentano

VI. Аты-жөнді жазу үлгісі

Қазақ азаматтарының аты-жөні Мемлекеттік ономастика комиссиясының ұйғарымы бойынша үш түрлі мүшелі нұсқада жазылып қолданылады.

1. Кісінің өз аты, әкесінің аты, тегі: *Жақан Оспанұлы Айдарбек (Jaqaп Ospanuly Aıdarbek), Молдан Бекетұлы Жомартбек (Moldan Beketuly Jomartbek), Бекболсын Асқарұлы Артықбай (Bekbolsyn Asqaruly Artyqбай), Айша Омарқызы Асан (Aısha Omarquzy Asan), Ботагөз Саматқызы Бекжан (Botagóz Samatquzy Bekjan), Құлжан Ертайқызы Асылбек (Quljan Ertaiquzy Asylbek)* т.т.

2. Кісінің өз аты, әкесінің атына ұлы және қызы деген сөздерді қосып, бірге жазу: *Азамат Бектайұлы (Azamat Bektaıuly), Бақыт Қуатұлы (Baquıt Qúatuly), Нұржан Достайұлы (Nurjan Dostaiuly), Гүлназ Бекбергенқызы (Gúlnaz Bekbergenquzy), Алма Ақжанқызы (Alma Aqjanquzy), Мөлдір Мұқатайқызы (Móldır Muqataıquzy)* т.т.

3. Өз есімдерінен соң әке атын қосымшасыз нөлдік формада жазу: *Шерхан Мұртаза (Sherhan Murtaza), Тахауи Ақтан (Tahaıı Aqtan), Айдар Әбіш (Aıdar Abısh), Бектай Оспан (Bektaı Ospan), Жолдас Жұман (Joldas Juman), Анар Омар (Anar Omar), Асылша Жанболат (Asylsha Janbolat), Гүлжан Жолан (Gúljan Jolan), Назира Темірхан (Nazıra Temirhan)* т.т.

4. Ресми құжаттарда, төлқұжаттарда азаматтардың тегі міндетті түрде бірінші орында тұрады, өз есімі екінші орында, әкесінің аты үшінші орында жазылады.

Е с к е р т у. Әрбір азамат өз әкесінің, не атасының атын тегі ретінде жазуға ерікті.

5. Әрбір азамат өз атын немесе әке аты мен тегін Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» заңына сәйкес өзгертуіне ерікті.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДЕРІН ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Құрастырушы редакторлар: Т.Жанұзақ
Қ.Рысберген
Н.Оңғарбай

Корректорлар: Н.Бармешова
Ж.Тұрғынбай
З.Садырбаева
Д.Садық